

В СРЕДНЕСРОЧНОЙ ПЕРСПЕКТИВЕ ГРУЗОПОТОК ПО ТМТМ ПЛАНИРУЕТСЯ ДОВЕСТИ ДО 10 МИЛЛИОНОВ ТОНН ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ ЭТОЙ ЦЕЛИ БЫЛИ ПОДПИСАНЫ ДОРОЖНЫЕ КАРТЫ С АЗЕРБАЙДЖАНОМ, ГРУЗИЕЙ И ТУРЦИЕЙ ПО УСТРАНЕНИЮ «УЗКИХ МЕСТ». ТАКЖЕ РЕАЛИЗУЕТСЯ РЯД КРУПНЫХ ПРОЕКТОВ ПО МОДЕРНИЗАЦИИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ, ПОРТОВОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ, НАРАЩИВАНИЮ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА И ТОРГОВОГО ФЛОТА.

Алихан СМАИЛОВ,
Премьер-министр РК



№8 (2938)
19/01/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«Жолаушылар тасымалы» АҚ тарих қойнауына табысталған өткен жылды табысты тәмамдады. Былтыр барлығы 19 миллион билет сатылса, соның ішінде онлайн-сатылым үлесі 77% құраған. Демек, халықтың басым бөлігі пойызға билет сатып алуда электрондық жүйеге ден қойған.



ВАГОН ПАРКІН ЖАҢАРТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«Жолаушылар тасымалы» АҚ алға тартқан мәліметтерге сүйенсек, жалпы ұлттық тасымалдаушы жылына орташа есеппен алғанда 13,5 млн жолаушыға қызмет көрсетіп отыр. Қазақстандықтар арасында билетке сұраныс жоғары бағыттар қатарында Астана – Алматы, Астана – Шымкент, Алматы – Шымкент, Астана – Семей және Алматы – Семей бағдарлары болып отыр.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылардың өтініш-тілектерін қанағаттандыру және оларға мейлінше қолайлы жағдай жасау бағытында игілікті іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастырып келеді. Соның бірі, әйелдер вагонын пайдаланушылар қатары жылдан-жылға артып келе жатқанын атар едік. №77/78 «Алматы-Маңғыстау», №351/352 «Алматы-Маңғыстау», №45/46 «Павлодар-Түркістан», №37/38 «Маңғыстау-Семей», №47/48 «Атырау-Астана», №33/34 «Ақтөбе-Алматы-1», №4/3

«Астана-Алматы-2», №71/72 «Астана-Шымкент» бағдарлары бойынша қатынайтын 8 жолаушылар пойызына тіркелген әйелдер вагонын былтыр 161 мыңға жуық жолаушы пайдаланған. Сонымен қатар 532 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі жан-дар, олардың жүріп тұруына ыңғайлы купелер қызметіне жүгінген.

Көптің көңілінен шығып, сұранысқа ие болып отырған «Жолаушылар тасымалы» АҚ ұсынып отырған келесі бір қызмет – «Күту парағы» десе, қателеспейміз. Былтыр осы қызметке 500 мыңға жуық жолаушы жүгініп, 172 мың билет сатылған. Бұл қызметті bilet.railways.kz сайтында немесе «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның билет кассаларында пайдалану мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда Қазақстанда 140 бағдар бойынша пойыздар қатынаса, соның 99 бағдарына «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызмет көрсетеді, ал 14 бағдар жекеменшік, тағы 10 бағдар өзге теміржол әкімшіліктерінің еншісінде. Ұлттық тасымалдаушының вагон паркінде 2151 бірлік шамасында вагон бар және парктің орташа тозуы 44%-ды, ал вагондардың орташа жасы 17

жылды құрап отыр. «Жолаушылар тасымалы» АҚ вагон паркін кезең-кезеңмен жаңартуда. Компания былтыр отандық «ЗИКСТО» зауытымен жолаушылар вагондарын сатып алуға келісім-шарт жасасып, зауыт тарапынан 94 жаңа вагон жеткізілді. Бүгінде олар «Маңғыстау-Атырау», «Ақтөбе-Атырау» және «Павлодар-Түркістан» бағдарларында қатынауда. Жолаушылардың жайлылығын қамтамасыз ету үшін жаңа вагондар ауа баптау жүйесімен, ауа сүзгілерімен, түтін датчиктерімен, биодәретханалармен, тамбурларда бейнебақылау жүйелерімен, ал купелер электр розеткаларымен және USB-лермен жабдықталған. Вагондар дұрыс пайдаланылған жағдайда жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімі 40 жылды құрамақ. Жолаушылар вагондарын жаңалау биыл да жалғасады. Қазақстанда жасалған тағы 62 бірлік вагон жеткізіледі деп күтілуде. Ал 2025-2030 жылдар аралығында Stadler компаниясының 537 вагонын сатып алу жоспарлануда, бұл 2030 жылға қарай парктің орташа жасын 13 жасқа дейін қысқартпақ.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ИДЕТ ОБНОВЛЕНИЕ



В 2024 году планируется масштабный этап обновления пассажирской инфраструктуры. Работы по текущему ремонту будут проведены на 28 вокзалах.

В рамках запланированных работ будет проведен ремонт инженерных систем, входных групп, кровли, пассажирских платформ и другое.

Также планируется начать капитальный ремонт железнодорожного вокзала Астана. В период капитального ремонта вокзал будет работать бесперебойно с ограничением доступа в зоны проведения ремонтных работ. Срок сдачи объекта в эксплуатацию будет определен после заключения договора с подрядной организацией на строительные-монтажные работы.

В рамках масштабного обновления планируется провести ремонт кровли, фасада, внутренних помещений вокзала, пассажирских платформ и сооружений на них. Будут модернизированы существующие системы громкоговорящей связи, устройств видеонаблюдения, пожарно-охранной сигнализации и оповещения.

Предусмотрена замена инженерных систем, благоустройство прилегающей территории вокзала.

При выполнении работ по ремонту будут организованы мероприятия по обеспечению комфортной и безбарьерной среды для всех групп населения.

Айлин БАУРЖАН

ТӨРТ МЫҢ ӨТІНІШ ТҮСКЕН



Өткен жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ атына корпоративтік пошта, «1433» өтініштерді есептеудің бірыңғай жүйесі және «E-Otinish» азаматтардың өтінішін қабылдау және өндеудің бірыңғай платформасы арқылы 4 мыңнан астам өтініш түсті.

Оның ішінде шамамен 2 мыңы – шағым, 1 мыңнан астам – ақпараттық әрі нақтылау сипатындағы сұрақтар және 715 – көрсетілген қызмет сапасына алғыс екен. Былтыр жолаушылар пойыздарының уақытынан кешігуіне өте көп шағым келіп түскен.

Әйтсе де, нақтылау сипатындағы сұрақ та аз емес екен: отырғызу талонын алу, билет қайтаруды және сайтта билет рәсімдеу тәртібін, билетке толмаған жолаушыларды тасымалдау тәртібін және тағы басқа. Өтініштердің басым бөлігі жедел, сонымен қатар көптеген мәселе Инвестиция және даму министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №545 бұйрығымен бекітілген «Жолаушыларды, жүктерді тасымалдау, жолжүктері мен пошта жөнелтілімдері ережесі» аясында шешіледі. Сондай-ақ өтініштердің бір бөлігі қатысы бар қызметкерлердің араласуымен толық және жан-жақты тексеру жүргізуді қажет етеді.

Ұлан ОРАЗ, Астана



Ғалия НОҒАЙБАЕВА,
Қызылорда жол дистанциясы
кәсіподақ ұйымының төрайымы:

ЖЫЛ БАСЫНДА 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛЫП ҚАБЫЛДАНҒАН ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК МӘСЕЛЕСІН ҚОРҒАУДЫ ЖЕТІЛДІРЕ ТҮСУ МАҚСАТЫНДА БІРНеше жаңа пункт енгізілген. Жолшыларға сол өзгерістердің бәрі теміржолшылар игілігі үшін, олардың әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталғанын түсіндіруге назар аударудамыз.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА

1 024

КАЗАХСТАНДА ПРИВЛЕЧЕНЫ К ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА ПЕРЕХОД ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ В НЕУСТАНОВЛЕННЫХ МЕСТАХ.

276

ПРЕДПРИЯТИЙ ҚТЖ В ТЕЧЕНИЕ БОЛЕЕ ЧЕМ ДВАДЦАТИ ЛЕТ НЕ ДОПУСТИЛИ СЛУЧАЕВ ТРАВМАТИЗМА.

ЭКСПОРТ КАЗАХСТАНСКОЙ НЕФТИ ИЗ МОСКОВСКОГО ПОРТА АКТАУ ДОСТИРГ

3,37 млн тонн

В 2023 ГОДУ.

Транзит

ТЕРМИНАЛ В СИАНЕ: ПЕРВЫЙ ПОШЕЛ

Первый в новом году контейнерный поезд, отправленный из казахстанско-китайского терминала, находящегося в самом перспективном логистическом хабе «Одного пояса, одного пути» в городе Сиане (КНР), прибыл в Азербайджан.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Так, контейнерный поезд сообщением Сиань (КНР) – Баку (Азербайджан), проследовавший по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ) транзитом через Казахстан, преодолел расстояние из пункта отправки в пункт назначения за 11 дней.

Он состоит из 55 сорокафутовых контейнеров с различными товарами народного потребления, электрооборудования, строительными материалами, трубами разных размеров и другой продукцией. В настоящее время планируется запуск еще одного контейнерного поезда из Сианя в Баку.

Напомним, запуск нового терминала открывает большие перспективы и для отечественных казахстанских аграриев,

экспортеров. Теперь они могут отправлять грузы напрямую, в короткие сроки.

Это наряду с принимаемыми ҚТЖ и Правительством мерами по расширению транзитно-транспортного потенциала страны призвано обеспечить интеграцию транскаспийских маршрутов в глобальную транспортную сеть.

Еще в период строительства терминала ҚТЖ проведена работа по формированию устойчивой клиентской базы и организации контейнерных поездов в широком спектре международных маршрутов. А во время открытия терминала в тестовом режиме прибыл первый контейнерный поезд с грузом «ячмень». Запуск проекта в полном режиме позволит еще более повысить качество логистического сервиса, простимулирует увеличение объемов грузов, обеспечив при этом стабильный грузопоток и расширение

транзитно-транспортного потенциала между странами. Также это обеспечивает простоту доставки для клиентов, дает возможность применять технологии первой и последней мили – от двери до двери. Так, секретарь партийного рабочего комитета, директор управляющего комитета Сианьской международной портовой зоны Сунь Имьинь и Юань Сюэцзюнь – генеральный директор Сухого порта Сианя также со своей стороны отметили, что прилагают усилия для достижения значимых результатов. Таким образом, ҚТЖ для исполнения поручений Главы государства реализует проекты по формированию внутренней и внешней терминальной сети, в том числе на территории КНР, для создания развитой инфраструктуры, центров консолидации и дистрибуции транзитных грузопотоков.

ДЕМАЛЫС ҮЙЛЕРІ ЖӨНДЕЛДІ



«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ еншілес ұйымы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өткен жылы демалыс үйлерін жөндеу бағдарламасы шеңберінде ел өңірлеріндегі станциялардағы локомотив бригадалары тынығатын 38 демалыс үйіне ағымдық жөндеу жүргізді.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Жөндеу жұмыстарына 778 млн теңгеден астам қаражат жұмсалған. Локомотив бригадаларының қажеттіліктеріне сәйкес жүргізілген жөндеу жұмыстары барысында инженерлік желілер жаңартылып, терезелер мен есіктері ауыстырылып, ғимараттардың шатыры мен қасбеттері жөнделіп, қызметтік үй-жайлар: асханалар, кір жуатын орындар, жуынатын бөлмелер

және душ бөлмелері де жөндеуден өткен. Мамандар жөндеу жұмыстары құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізіліп, қолданылатын материалдардың сапасы техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес болуы назарға алынғанын айтады. Министр мен олардың көмекшілерінің демалуы үшін жасалған жайлылық пен қолайлылық, өз кезегінде олардың өнімді жұмысының кепілі болмақ. Қазір Сарыөзек станциясындағы демалыс үйін жөндеу жұмыстары аяқталуда

екен. Ауданы 552 шаршы метрден асатын ғимараттың бірінші блогы бөлшектеліп, ғимараттың екінші (ауданы 84, 5 шаршы метр) және үшінші (739, 2 шаршы метр) блоктары жөнделген. Іргетас құрылымдары нығайтылып, шатыры, терезелер мен есіктер, еденнің ағаш негізі алынып тасталған. Дәліздер мен сантехникалық бөлмелерде керамикалық плиткалар, демалыс бөлмелерінде ламинат төселген. Жылыту, сумен жабдықтау, кәріз, электр қуаты сияқты инженерлік желілер

ауыстырылып, қасбеттің қабырғаларына сәндік сылақ жүргізілген. Жылу шығынын болдырмау үшін демалыс үйінің ғимаратына қатты және сұйық отынмен жұмыс істейтін екі қазандық орнатылды. Аумақты абаттандыру және қоршау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар өткен жылдың соңында Атбасар, Есіл, Арқа, Ақадар, Қызылжар, Мойынты, Отар, Достық, Матай, Орал, Қандыағаш, Жем, Атырау, Ганюшкино, Сағыз, Бейнеу станцияларындағы 16 демалыс үйін күрделі жөндеу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге шарттар жасалды. Сараптама оң қорытындысы шығысымен ғимараттарды жоспарланған жөндеу «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің 2024 жылға арналған күрделі салымдар жоспарына енгізілетін болады. Бұл нысандарды күрделі жөндеуден өткізуге шамамен 1,5 млрд теңгеден астам қаражат бөлінбек.

ТОРАПТЫҚ ЖИЫН ӨТТИ

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Биыл жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы тең құқық пен әлеуметтік талаптар түзілген жаңа Ұжымдық шарт қабылданды. Қызылорда бөлімшесінде осынау әлеуметтік-құқықтық құжатты теміржолшылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда ЖТ бөлімінің бас инженері Құлжан Белкібаев пен кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев бастаған жұмыс тобы осы аптада Шиелі станциясында тораптық жиын өткізіп, еңбек ұжымдарымен кездесті. Станция жұмысшыларынан басқа Қызылорда локомотив пайдалану және Қазалы вагон пайдалану деполарының Шиелі станциясындағы филиалдарының теміржолшылары қатысқан жиында 2024-26 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа енгізілген өзгерістер жан-жақты таныстырылды. Көпшіліктің сауалына бас инженер, экономика және кадр бөлімінің мамандары мен заңгер жауап берді.



Суретті түсірген автор

ЗАҢДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



2024 жылдың алғашқы екі аптасында Қандыағаш жол дистанциясы аумағында жолға малдың шығып кетуіне байланысты 8 оқиға тіркелді. Оның үш жағдайында жылжымалы құрам малды басып кеткен.

Ал өткен жылы 200-ден аса мұндай жағдай тіркелді. Теміржолшылар қауіпсіздікке қатысты заң шараларын күшейту қажет деп санайды.



Қандыағаш жол дистанциясының башшылығы тарапынан желілік полиция қызметкерлерімен бірлескен рейдтер, арнайы акциялар, түсіндіру жұмыстары ұдайы өткізіліп келеді. Бірақ нәтиже аз. Малдың жолға шығып кету оқиғасы азаймай тұр. Әсіресе Қандыағаш-Шұбарқұдық, Шұбарқұдық-Қарауылкелді, Қарауылкелді-Сағыз, Қандыағаш-Тоқмансай телимдерінде бақташысыз жүрген мал көп. Оның ішінде Разъезд.313 – Разъезд.312, Разъезд.142 – Кенжалы, Тоқмансай – Бақай аралықтарында мал басу оқиғалары жиі тіркелген.

Өткен жылы иесіз малдың жолға шығып кетуіне байланысты 217 оқиға тіркеліп, оның ішінде 9 жағдайда мал басылған. Дистанциядағы кейбір бригадалар күні-түні жолды малдан қорумен айналысып жүр. Өлген малдың иесін таңбасы немесе GPS арқылы анықтап, хабарласқан жағдайдың өзінде мал иелері жауапкершіліктен жалтарып, мойындаудан бас тартатын көрінеді.


«Жолдың жиегінде жүрген малдың иесін тауып, хабарласқанның өзінде айдап алып кетуге асықпайды. Ішкі істер қызметкерлері мен әкімшілік өкілдерімен біріккен жұмыстар да нәтижесін бермей отыр. Қолданыстағы заңда темір жол қауіпсіздігіне қасақана қауіп төндірген мал иелеріне 18 460 теңге айыппұл қарастырылған. Оны дер кезінде төлесе, айыппұл көлемі 50 пайызға азаяды. Жеке қожалық иелеріне бұл айыппұлды төлеп, ары қарай малын тағы қараусыз қалдырады. Сондықтан біздің ұсынысымыз, бұл айыппұлды ұлғайту немесе жағдай қайталанса, айыппұл мөлшерін бірнеше есеге арттыру қажет. Мүмкін сол кезде мал иелері жауапкершілікті сезінер. Себебі қазіргі таңда мал ұстайтын шаруа қожалықтары көбейген, темір жолды малдан толықтай қорғау мүмкін болмай отыр», – деді Қандыағаш жол дистанциясы башшысының орынбасары А. Рыспаев.

Айтуынша, қазіргі таңда теміржолшылар тарапынан әлеуметтік желілерде бейнетүсірілімдер таратылып, жергілікті аудан әкімдеріне тиісті шара қабылдау жөнінде хаттар жолданған.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

Қазақстан – Қытай, Каспий теңізінің акваториясы, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Қара теңіз және одан әрі Еуропа елдері арқылы өтетін Орта дәліздің құрлық учаскесінің көп бөлігін қамтиды. Сондықтан Қазақстан үшін Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарының (ТХКБ) стратегиялық маңызы зор. Осы орайда ТХКБ-ның болашағы хақында «KTZ Express» АҚ Бас директорының міндетін атқарушы Дамир Қожахметовті әңгімеге тарттық.



ОРТА ДӘЛІЗ: АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ

Сүлүгүл БАКЕСОВА,
Астана

– Мемлекет басшысы Орта дәліз қатынасы – ТХКБ-ны жаңғыртуға басымдық беріп отыр. Осыған орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Әрине, ҚТЖ компаниясы ТХКБ дамуына ерекше мән беріп отыр және оның дамуымен байланысты кез келген бастамаларды қолдайды. Осы ретте бұл бастамаларды үш бағытқа бөлуге болар еді. Біріншісі – бұл қатысушы теміржол әкімшіліктерімен ынтымақтастық. Екіншісі – инфрақұрылымды дамыту. Үшіншісі – шетелдік серіктестермен ынтымақтастық. Бірінші бағытқа келетін болсақ, өзара белсенді іс-қимыл Әзербайжан мен Грузияның теміржол әкімшіліктерімен бірлесіп ҚТЖ құрған ТХКБ қауымдастығы шеңберінде жүзеге асырылады. Біз қауымдастықтың жұмыс кездесулерінде бағдарды дамыту мәселелерін талқылаймыз, оның ішінде жыл сайын тарифтік шарттар белгіленіп, сондай-ақ тарифтерді есептеу және контейнерлерді орналастыру туралы ақпарат алмасу үшін цифрлық платформа құру жайы пысықталады. Сонымен қатар Халықаралық Транскаспий Көлік Консорциумы құрылғанын айтар едім. Консорциум логистикалық өнімдерді әзірлеумен, клиенттерді іздеумен, жүк ағындарын тартумен, сондай-ақ шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты жолға қоюмен айналысады, ал тасымалдарды тәулік сайын бақылау бірыңғай виртуалды диспетчерлік орталық арқылы жүзеге асырылады. Өткен жылы 26 қазанда Тбилиси қаласында Қазақстан, Әзербайжан және Грузия т/ж әкімшіліктері ТХКБ логистикалық байланыстарын дамыту үшін бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі құрылтай құжаттарына қол қойды. Бұл «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсетуге және жеткізудің кепілдендірілген мерзімдері мен құнын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ТХКБ-ның өткізу қабілетін арттыру үшін барлық қатысушы елдердің қатысуымен инфрақұрылымды дамыту бойынша келісілген тәсіл әзірленді. Бұл тәсіл 2022 жылдың соңында Үкімет деңгейінде бекітілген ТХКБ бағытындағы тар орындарды жоюды көздейді. Қазір бұл жол картасын іске асыру бойынша жұмысты барлық қатысушылар белсенді жүргізуде.

Ал екінші бағыт инфрақұрылымды дамыту мәселесіне келсек, ТХКБ-ның негізгі буындары Каспий теңізіне шығатын Ақтау және Құрық порттары. Өкінішке орай, қазір біз Каспий теңізінің таяздығын байқап отырмыз. Сондықтан кемелерді тасымалдау мен өндеуді қамтамасыз ету үшін және порттарға қол жеткізуді жақсарту үшін түбін тереңдету жұмыстары кешенді жүргізілуде. Сондай-ақ Құрық портында астық терминалын салу және бес қосымша айлақ салу жоспарланған. Осы іс-шараларды жүзеге асыру порттардың өткізу қабілетін 27,3 млн тоннаға дейін ұлғайтуға және контейнер ағынын 2025 жылға қарай 40 мыңнан 300 мың ЖФӨ-ге дейін өсіруге мүмкіндік береді.

ТХКМ-ның бір бөлігі болып табылатын Алматы торабының жүктемесін азайту үшін «Достық – Мойынтық» учаскесінде және Алматыны айналып өтетін «Жетіген – Қазыбек бек» т/ж желісінде екінші жол салу жұмыстары басталды. Жобалар елдің оңтүстік-шығыс бөлігінің өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға, тәулігіне 12-ден 60 жүк пойыз өтуін ұлғайтуға, сондай-ақ транзиттік уақытты 1 күнге төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ

Ақтау портындағы контейнерлік хаб жобасын іске асыру бойынша жұмыстар басталды, бұл Каспий өңірі мен Орталық Азия елдері үшін порт аумағында контейнерлік парк қалыптастыратын болады. Осы мақсатта біз қытайлық Порт-Ляньюньган компаниясы атынан шамамен 43 млн доллар көлемінде инвестиция тарттық, тиісті келісімге ағымдағы жылдың қараша айындағы «Бір белдеу, бір жол» форумында қол қойылды. Жалпы, бұл жобаны іске асыру контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша қызметтердің толық спектрін көрсетуге мүмкіндік береді, олардың көлемі 2025 жылғы 92 мың ДФӨ-ден 2034 жылға қарай 200-300 мың ЖФӨ-ге дейін ұлғаяды деген болжам бар. Сонымен қатар Ақтау теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейте бастадық, яғни Ақтау теңіз солтүстік терминалы салынды. Бұл терминалда жылына 1 млн тонна астықты ауыстырып тиеуге мүмкіндік беретін ірі астық кешені, сондай-ақ жылына 2 млн тонна негізгі жүктерді ауыстырып тией алатын контейнерлік алаң мен жүк кешені бар. Ең бастысы, терминал жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейді.

Үшінші – халықаралық ынтымақтастық бағытына келсек, Мемлекет басшысының Қазақстан нарығына контейнерлік порт терминалдарының ірі әлемдік операторларының бірі – сингапурлық PSA International компаниясын тарту жөніндегі тапсырмасына ерекше назар аударғым келеді. Тапсырманы орындау аясында ҚТЖ компаниясы PSA International компаниясымен бірлескен кәсіпорын құрды. Бұл ынтымақтастық PSA тәжірибесі мен технологияларына қол жеткізуді қамтамасыз етумен қатар, тасымалдау географиясын кеңейтіп, қазақстандық көлік дәліздерін әлемдік хабтармен біріктіреді. Бұл кәсіпорынның басты мақсаты – транзиттік жүк тасымалының өсуіне ықпал ететін ТХКБ-ның дамуына жәрдемдесу.

– Жалпы осы Орта дәліздегі теміржол қатынастары қаншалықты реттелген? Қандай маңызды жүктер тасымалданады және уақыт үнемдеу жағы қалай?

– Бүгінде ҚТЖ жүргізген ТХКБ көлік процесінің оңайлату жұмыстары арқасында жеткізу мерзімі 53 күннен 18-23 күнге дейін қысқартылды. Маршруттың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін алдағы уақытта мерзімдерді 10-15 күнге дейін қысқарту жоспарланады, бұл теңіз жолымен жеткізу мерзімінен (35-45 күн) едәуір төмен. Бағдардың тартымдылығын және жүктерді жеткізу жылдамдығын арттыру үшін контейнерлер санына қарамастан жеткізу мерзімі 12-ден 15 күн аралығын құрайтын Алтынкөл – Потти/Ватуми бағыты бойынша белгіленген кестеге сәйкес аптасына үш рет қатынайтын контейнерлік шаттл-пойыз іске қосылды. Сондай-ақ былтыр тамыз айында Потти/Ватумин – Констанца/Бургас бағыты бойынша тұрақты фидерлік қатынастарды іске қосу арқылы Қара теңіз қызметі кеңейтілді. Алтынкөл станциясында контейнерлерді 12 сағат ішінде тиімді қайта тиеу жүзеге асырылса, ал Алтынкөл – Ақтау порты учаскесінде контейнерлердің өтуі кесте бойынша 90 сағатты құрап отыр. Шаттл-сервистің фидерлік кемелеріне басымдық берілгендіктен, контейнерлерді кемеге небәрі 24 сағат ішінде ауыстырып тиейді. Енді теміржол көлігімен тасымалданатын жүктер номенклатурасына келсек, ол өте кең. Егер стратегиялық маңызды жүктер туралы айтатын болсақ, олар – энергетикалық шикізат, негізінен көмір, мұнай өнімдері және өнеркәсіптік материалдар. Жалпы, транзиттік қатынаста көліктердегі ең

үлкен үлес машиналарға, жабдықтарға, ағашқа, бидайға тиесілі. Сондай-ақ минералдар, астық, мұнай және мұнай өнімдері сияқты сусымалы және құйылатын жүктер де көп. Өткен жылы ТХКБ арқылы бірқатар ірі қазақстандық компаниялар экспорттық қатынастарда өз өнімдерін жөнелте бастады.

– Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүктер жолда бөгелмеу үшін тасымалдау жұмысын цифрландыру, кедендік бақылау мен қағазбастылықты азайту аса маңызды. Осыған қатысты қандай шаралар атқарылуда?

– Қазіргі уақытта цифрландыру – бүкіл әлемді қамтыған әлемдік тренд, прогресс қозғалтқышы. Сондықтан көптеген мемлекеттің осы процеске қатты мән беретіні орынды. Енді көлік-логистика саласындағы цифрландыру мәселесіне келетін болсақ, бұл ең алдымен клиенттік қызметті автоматтандыру. Яғни, бұл бағыттың фокусы – процессті оңтайландыру және ашықтықты қамтамасыз ету. Біздің компаниямызда тасымалдау процесінің барлық ақпараттық жүйелері бір-бірімен интеграцияланған кеңейтілген IT-экожүйеге енгізілген және табысты жұмыс істеуде. Клиенттермен өзара іс-қимыл ресімдерін жеңілдету үшін компанияда ЭЦҚ арқылы шарттар жасасу және оларға қол қою процесін автоматтандыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Пилоттық жобаның нәтижелері қазірдің өзінде оң қарқынды көрсетіп отыр, шарттар жасасудың орташа уақыты бірнеше есе қысқарды. Цифрландырудың екінші бағыты – Қазақстан шеңберінде де, шетелдік әріптестермен де тасымалдау процесіне қатысушылар арасында электрондық өзара іс-қимыл құру. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы шеңберінде «KTZ Express» АҚ – «Теңіз өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымының ұлттық сегментін құру» іс-шарасын өткізу операторы ретінде айқындалды. Біз Ақтау және Алят (Әзербайжан) теңіз порттарының ақпараттық жүйелері, сондай-ақ KTZ Express жүйесі мен Ақтау порты жүйесі арасындағы интеграцияны сәтті өткіздік. Бүгінгі күні трансшекаралық теміржол құжаттарын ресімдеуді электрондық түрге көшіру үшін жекелеген қытайлық компаниялармен кешенді сервистік платформаны интеграциялау жүзеге асырылды. Жақын арада KTZ Express-ті тасымалдау бөлігінде ақпарат алу және алмасу бойынша ҚХР-дың ірі логистикалық платформаларымен интеграциялау аяқталды деп күтілуде.

Тасымалдауды ұйымдастыру және қадағалау және оны кейіннен ҚХР маркетингтерімен интеграциялау бойынша электрондық ақпараттық жүйені әзірлеу аяқталуда жақын. Бұдан басқа, контейнерлік тасымалдау бойынша жоспарларды қалыптастыру және келісу автоматтандырылған. Бұл ҚХР – ЕО – ҚХР бағытындағы транзиттік тасымалдау жөніндегі жоспарды келісудің бизнес-процесін жақсартты. Сондай-ақ компанияның веб-порталында транзиттік маршрутта көмірқышқыл газының шығарындыларын өлшеуге мүмкіндік беретін «CO2 калькулятор» жобасы енгізілді. Кедендік-брокерлік қызметтерді онлайн-іске асыру қолжетімді болды. ТХКБ-ны цифрландыруға келетін болсақ, қазіргі уақытта теміржол әкімшіліктері арасындағы «өзара цифрлық әрекеттесу» арқылы контейнерлердің нақты орналасуын анықтау және тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған цифрландыру тұжырымдамасы пысықталуда.

Суретті түсірген автор

КӨПІР САЛЫНАТЫН БОЛДЫ



Биылғы жыл Жаңғызтөбе станциясының тұрғындары үшін жағымды жаңалықпен басталды. Алдағы уақыттарда кентті екіге бөліп жатқан теміржол желісінің үстінен жаяу жүргіншілерге арналған көпір салынатын болды.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Үш мыңның үстінде халқы бар Жаңғызтөбе кентін байырғы Түркісіб магистралі қақ бөліп жатыр. Аурухана, әкімдік, мектеп, балабақша, дәріхана, ірілі-ұсақты дүкендер кенттің шығысында қалған-дықтан батыс бөліктегі тұрғындар желіні жаяулап кесіп өтуге мәжбүр. Бұл әсіресе қарт адамдар мен аяғы ауыр әйелдерге, балалар мен жасөспірімдер үшін қауіпті. Жел өтінде орын тепкен елді мекенде жай күннің өзінде қарлы бұрқасын борап тұрады.

Таяқ тастам жер көрінбейтін ақ түтекте адамдардың пойыз астына түскен жағдайлары да орын алған. Жаяу жүргіншілерді орнынан енді қозғалған жылжымалы құрамдар басып кеткен қайғылы жайттар да талай болды.

Тұрғындардың ұзақ жылдардан бері айтып келе жатқан мәселесі осы, яғни теміржолдан өтетін көпір салу еді. Жуырда Семей магистральды желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукежанов бастаған арнайы комиссия құрылып, Жаңғызтөбеден жаңа көпір салу мақсатында бірқатар жұмыс жүргізілді. Бұл оңайға түспейтін мәселе екен. Мысалы, теміржол көпірі

салынатын тұс, яғни желі бойындағы инженерлік коммуникацияларды қайта қарастырып, кейбірін ауыстыру қажеттілігі туындайды. СЦБ және байланыс құрылғылары мен электр кабельдері, әуедегі желілер түгел есепке алынады. Сол тәрізді кірме жолдар түйіспесі мен жолшылар жұмысына кедергі келмеуі тиіс. Қазіргі таңда жобаның техникалық негіздемесі әзірленуде. Ол құжатта зерттелінген барлық мәселелер тыңғылықты қамтылатын болады. Бұл орайда комиссия жұмысының алғашқы қорытындысы дайын. Онда көпір салу барысында ескерілуі тиіс көптеген мәселелер зерделенген.

Снегоборьба

ЗАКАЛЕННЫЕ СТИХИЕЙ

Железнодорожники Екибастузской дистанции пути активно продолжают работу по снегоборьбе. В этом году зима в Павлодарском Прииртышье выдалась богатой на сюрпризы.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

К концу года зима полностью вступила в свои права и даже местами удивила: морозы до -35, -38 градусов, метель, штормовой ветер, обильный снегопад, дождь и, как следствие, гололед. В таких условиях

пришлось вести снегоборьбу сотрудникам стальной магистрали.

– Работники Екибастузской дистанции пути с начала наступления зимней погоды каждый день проводили очистку стрелочных переводов, это 800 комплектов, где трудятся 100 монтеров пути. В полной готовности стоит железнодорожная снегоочистительная

техника в количестве десяти единиц. На сегодня проведена очистка пути от снега в объеме 85 километров магистрального железнодорожного пути. Снегоборьба включает также комплекс мер по уборке снега на пассажирских платформах, станциях и остановочных пунктах, это обязательное требование безопасности. Большое внимание уделяется подготовке персонала, в частности первозимников. По дистанции пути было обучено 63 человека, – рассказал начальник Екибастузской дистанции пути Нурлан Аубакиров.

Во время морозов, когда столбики термометров достигали -40 градусов, были задействованы работники дистанции пути для проведения осмотра пути и объездов участков обслуживания.

ДОСТОЙНО СПРАВИЛИСЬ С ПРЕГРАДАМИ

С начала января в Восточный Казахстан пришли бураны и обильные снегопады. Больше всего во власти стихии оказался участок Оскемен-1 – Алтай. В то же время здесь резко возрос пассажиропоток на железнодорожном транспорте. Он, как всегда, показал свою надежность. Если декабрь прошлого года был малоснежным месяцем, то в январе из-за метелей, снега и гололеда автотрассы на этом участке закрывались около 30 раз.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По приказу директора Семейского отделения грузовых перевозок Алмаса Сейсемканова на станции Кумыстау 16 января была объявлена вторая очередь по снегоборьбе.

